



Автор: КАЛИЕВА ГУЛЬСТАН ТЕНИЛЬБАЕВНА

Пән: Биология

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Жасушалық биология

Тақырып: Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.2.3 - ерекше қорғалатын Қазақстан Республикасының табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау 7.3.2.4 - жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру
Сабақтың мақсаты:	7.3.2.3 - ерекше қорғалатын Қазақстан Республикасының табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау 7.3.2.4 - жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды.Тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Сұраққа жауап береді, жауаптарын дәлелдейді. Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Қорық – бұл шаруашылық пайдаланудан толық алынған аумақ.Осы жерде адамдардың жаппай демалуына және аң аулау, балық аулау, орман ағаштарын кесу, мал жаю, шөп шабу, жидектер мен саңырауқұлақтар жинау, пайдалы қазбалар өндіру сияқты кез келген шаруашылық іс-әрекеттерге тыйымсалынған. Ұлттық табиғи саябақтар ерекше экологиялық, тарихи жәнеэстетикалық құндылығы бар табиғат кешендерін сақтау үшін құрылған. Олар ағарту, ғылыми және мәдени мақсатта қолданылады. Бұл жердедемалуға, денсаулықты қалпына келтіруге, туризммен және спортпен айналысуға,танымжорықұйымдастыруғаболады.Өсімдіктерәлемімен жануарлар дүниесі қатаң қорғауға алынған. Табиғи қорыққорлар әртүрлі бағытта болады. Ботаникалыққорық- қорлардамалжаюға,шөпшабуға,ағашкесугеболмайды;аңаулау,балық «Қар кесегі» әдісі (Қозғалуға және араласуға ыңғайлы болу үшін үлкен кеңістік қажет. Немесе оқушылар парталардың айналасына топтар құрып, тиісінше орындықтарды қозғалта алады. Жаттығудың сипаттамасы: Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек. Кейін жұп ақылдасып, олардың екі жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша төрт,бес,алты жауап бір жауап болып біріктіріледі.) Ортақ сұрақтар: 1. «Табиғатты қорғау» деген түсінікті немен байланыстыратыныңды жаз. 2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ түрлерін атаңдар. Олардың арасындағы айырмашылықтарды көрсетіңдер.	Оқулық. «Қар кесегі» әдісі.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Қолдану Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. Топтарға тапсырма: 1-топ: Раушан 1. Қазақстандағы қорықтар, табиғат ескерткіштері, ботаникалық бақ, табиғат резервацияларының тізімін жасап, шолу жасаңдар. 2-топ: Тұңғиық 2. Қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар мен табиғат ескерткіштері арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңдер. 3-топ: Түймедақ 1. Сендер тұратын жерде табиғат нысандары мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар ма? Бар болса, оларды атаңдар және сипаттама беріңдер. Сендер тұратын жерде мемлекеттік қорғауды қажет ететін нысандар бар ма? Себебін түсіндіріңдер. Талдау «Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Пікірталас: 1. Қызыл кітаптың дүниежүзіндегі және Қазақстандағы маңызына баға беріңдер. Қазақстанның Қызыл кітапты жасаушылары көрші мемлекеттердің Қызыл кітапты жасаушыларымен қарым-қатынас жа- сауы керек пе? Бұл бірлестік сендердің ойларың бойынша неден көрінуі керек?	Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер «Ыстық орындық» орындық әдісі, сұрақтар, орындық.
Сабақтың соңы	Синтез «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі 1. Қызыл кітапқа енгізілген жануарларды аулауға тыйым салуға бағытталған шараларды ұсыныңдар. 2. Жануарлар мен өсімдіктердің Қызыл кітапқа ену себебін талдаңдар. «Шеңбердегі доп» әдісі Оқушылар шеңберлене отырып, бір-біріне кішкене допты лақтырады. Доп қолына тиген оқушы жаңа білім туралы бір сөйлем айтады.	«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі Шеңберге отырғызу, доп.
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес Келетінсұрақтарғажауапберіңіз.	